

ҚАЗАҚСТАН ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МОДЕЛІ: ТІЛДЕРІНІҢ ТАҒДЫРЫ. ҚҰЖАТТАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сәуле ТӘЖІБАЕВА*
Шолпан ЖАРҚЫНБЕКОВА**

Özet: Қазақстан полиэтникалық және поликонфессионалдық мемлекет. Түркі әлемінің моделін бейнелейтін халқымыздың үштен бірін 25 түркі тілдерінде сөйлейтін түркі этностар құрайды. Қазақстанда ең саны көп диаспора түрік диаспорасы. Олар өздерін түрік ахысқа, түрік хемшилли, түрік лаз, түрік терекеме деп атайды. Қазақстандағы түрік тілінің субэтникалық диалектілерінің ерекшеліктері зерттелмеген, жоғалып бара жатқан түрік тілі нұсқалары мәтіндерінің құжаттық қоры жасалмаған. Өздерінің отаны Грузияға оралуларына мүмкіндігі болмаған ахысқа, хемшилли, лаз, терекеме түріктері көптеген елдерде шашыраңқы өмір сүріп жатыр. Субэтникалық топтардың тіл нұсқаларының мүлдем жоғалуы мүмкін немесе олардың ревитализациясын жасау үшін амалдарды қолға алу қажет. Оған қоса, Қазақстандағы түрік тілдері жазбаша болмағандықтан жағдайды күрделендіре түсуде. Осыған байланысты, түрік тілінің әртүрлі нұсқаларын зерттеу, құжатқа көшіру, ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараптау және сипаттау қажет.

Зерттеудің тағы бір маңызды міндеті – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін елге оралған және қазіргі үкімет шекарасынан тыс қалған этникалық қазақтардың тарихын, мәдениетін және тілін зерттеу. Этникалық қазақтардың тілі мен мәдениеті Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағанға дейін болған күйінде әлі күнге дейін сақталған. Халық жадында сақталған тілдің, дәстүрлі мәдениеттің, маңызды тарихи оқиғалардың барлық ерекшеліктері ұрпақ алмасуының салдарынан жойылып барады. Қытайдағы этникалық қазақтардың жаңа ұрпағы өздері тұратын елдің мәдениетіне сіңісіп, ана тілін жоғалтуда. Этникалық қазақтардың аға буынында сақталған тарихи мұра, тіл мен мәдениет зерттеушілер тарапынан жазылып, құжатталуы қажет.

Түйін сөздер: *Қазақстан, түркі әлемі, түркі тілдері, тілдерді құжаттау, репатриантар, Қытай Қазақтары.*

Kazakhstan as the Model of the Turkic World: Language Fate and Language Documentation

Abstract: Republic of Kazakhstan is a multiethnic and multi-religious state. Turkic speaking community is one of the largest in Kazakhstan. Twenty-five ethnicities present a unique model of the Turkic world in Kazakhstan. The most numerous Turkic diaspora is Turkish, represented by Akhiska, Hemshilli, Laz Turks, Terekeme. Language variants of sub-ethnic groups are endangered or have already come to the point where there is a need for their revitalization. Documentation of linguistic peculiarities of different dialects of Turkish Diaspora in Kazakhstan is one of the important tasks.

Another important research task is the study of the history, culture, and language of the ethnic Kazakhs who remained outside the modern border of the government and were repatriated after the independence of Kazakhstan. The language and culture of the Kazakh repatriates is still preserved in the way it existed before the establishment of the Soviet era in Kazakhstan. All the peculiarities of the language, traditional culture, important historical events, which are kept in the memory of the people, are disappearing because of the generation shift. A new generation of ethnic Kazakhs in China loses their native language, assimilating into cultures of the country they live. The historical heritage, language, and culture retained by the older generation of repatriates need to be recorded and documented by researchers.

Key Words: *Kazakhstan, Turkic world, Turkic languages, language documentation, ethnicity, repatriates, Kazakhs in China*

Кіріспе

Қазіргі таңдағы Қазақстан көп ұлтты, көп тілді, көп конфессиялы мемлекет ретінде қалыптасып орныққан. Елімізде 130-дан астам түрлі этнос өкілдері тұрады. Соның ішіндегі түркі тілдер тобына жататын топтар 45 десек, Қазақстанда қазақтардан басқа 25 түркі тілдерінде сөйлейтін өкілдері бар Олар: өзбек, ұйғыр, әзірбайжан, татар, башқұрт, чуваш, қырғыз, қарақалпақ, түркімен, ноғай, құмық, қарашай, балқар, гагауз, алтай, хакас, якут, долган, тыва, түрік, қырым-татарлары, шор, қарайым, қырымшақ, тоғаларлар және т.б.

Мақалада келесі мәселелерді талдаймыз:

- Қазақстан түркі әлемінің моделі.

* Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, tazhibaeva_szh@enu.kz

** Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, zharkyn.sh.k@gmail.com

- Тіл құжаттау мәселесі.
- Қытайдан келген қазақ қандастардың тіл ерекшеліктері.

Қазақстан түркі әлемінің моделі

Қазақстан қазіргі кезде түркі семьясының ішінде әр түрлі классификациялық топтарға жататын (қыпшақ, қарлұқ, оғыз, саян-алтай) түркі тілдерінің өзара ықпалдасқан және өзара кіріккен (ішінара жекелеген араласу) процесі жүріп жатқан өте сирек аймақ болып табылады. Осы тілдердің аналогы қазіргі кездегі түркі тілдері мен олардың топтарының қалыптасуына негіз болған. Қазақстанда сондай-ақ ең көне екі тіл (чуваш және якут) бар, сонымен қатар жойылу алдында тұрған *қарайым*, *қырымшақ*, *шор* тілдері де кездеседі. Қазақстан соңғы жылдары объективті түрде және Ресей Федерациясының құрамындағы түркі ұлттық автономияларының бірқатар титулды этностарының еліктейтін қызығушылық объектісіне айналды. Бұл этникалық және тілдік туыстық, сондай-ақ табысты экономикалық және әлеуметтік даму жағдайына байланысты болып отыр.

Қазақстанның түркі тілдік ландшафтының әлеуметтік лингвистикалық жағдайын зерттеу жеке қызығушылық тудырады. Қазақстан аумағындағы түркі тілдерін генетикалық, ареалдық және конфессиялық белгілері бойынша жүйелеу жүргізілген емес. Қазақстандағы экзогендік және эндогендік түркі тілдерінің (олардың кейбіреулері өздерінің негізгі тілдік ортасынан алшақта дамуда) қазіргі кездегі жағдайы зерттеу нысанына айналған емес. ҚР шашыраңқы өмір сүретін түркі этностарының тілдік құрылысы және осы тілдердің дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік-лингвистикалық факторларды сараптау ғалымдар тарпынан қызығушылық тудырады. Осы тұста баса айта кететін бір жайт, бір тіл басымдық алып тұрғанда туыстас түркі тілдері мен әдебиетінің өзара қарым-қатынасын зерттеу келешегі бар жеке тақырып болып табылады.

Осы мәселе Қазақстан жағдайында ықшам жинақталған тілдер мен әдебиеттер төңірегінде болуы тиіс. Олар:

- өзбектер (Оңтүстік Қазақстан облысы (ОҚО),
- ұйғырлар (Алматы обл. және Алматы қ.),
- қазан татарлары (Семейде көп шоғырланған),
- ахысқа түріктері (ОҚО, Жамбыл, Алматы обл.),
- тувалықтар (Алматы обл. Ұйғыр ауданы).

Қазақстандағы түркологияның ғылыми пән ретінде дамуына теориялық және практикалық тұрғыда үлкен үлес қосады. Осы жерде елдің үкіметі Қазақстандағы барлық этникалық топтардың, оның ішінде түркілердің де шынайы азаматтық тең құқықтылығына жету саясатын жүргізіп отырғанын атап көрсету қажет. Осындай іс-шаралар қатарына ең алдымен мыналарды жатқызуға болады:

- 1995ж. Қазақстан халқы Ассамблеясының (АНК), этномәдени ұйымдарды біріктіруші және олардың жұмысын үйлестіруші сирек институттың құрылуы. Осылайша, этникалық саналы (ethnically aware) азаматтар тобының бір-бірімен және мемлекетпен қарым-қатынасы қамтамасыз етілді;

- этникалық мәдениетке қолдау көрсету, олардың ана тілінде орта білім алуына жағдай жасау: ҚР тұратын этностар ішінде қазіргі кезде өзбектер мен ұйғырлар осы мүмкіншілікке ие болған;

- 1939-1944 жылдары Қазақстанға жер аударылған этностар өкілдеріне компенсация төлеу;

- ҚХА тарапынан саны аз этнос өкілдеріне ЖОО түскенде квота беруді енгізу.

Ортаазиялық аймақтағы ұйғырлардың рухани мәдениетін зерттеуде Қазақстанды рухани құндылықтардың алдыңғы посты деп бекерге атамайды, мысалы этникалық

отанынан тысқары ұйғырларды. «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандықтарында білім алатын студенттер түркі тілі мен түркі халықтарының әдебиетін оқиды. Мемлекет тарапынан өткізіліп отырған саясаттан басқа, Қазақстандағы этностарды әлеуметтік сатыда көтеру (оның ішінде түркілерді де) процесінде осы этностардың елдің нарықтық экономикасына қатысуы да бизнес-салада бәсекелестіктің дамуына ықпал жасайды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз: шикізаттық қосымша экономика статусы, тоталитарлық жүйе тұсындағы қазақтардан басқа этностарға тілдік және мәдени жақтан келген айтарлықтай зиянның кесірінен этносаралық тұрақсыздықтың болу қаупі, сондай-ақ тоқырау кезінде посткеңестік мемлекеттердің барлығына тән болған әлеуметтік саладағы жағымсыз жағдайлар секілді қолайсыз старттық жағдайларға ие болды.

Қазақстанда орныққан этностар менталитетінің ерекшелігі ойластырылған мемлекеттік саясатпен біріккенде, гетерогендік қоғамда дау-дамайсыз өзіндік мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік берді. Оның нәтижесі тәуелсіз Қазақстандағы мәдени-тілдік әртүрлілік қоғамның ыдырауы мен қатпарлануына емес, керісінше, оның рухани баюына және ойдағыдай дамуына алып келді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда ұлтаралық және конфессия аралық толеранттылықтың қазақстандық моделі қалыптасты. Осыған байланысты, мемлекеттік мәртебе алған қазақ тілінің беделі де көтерілді. Оның қолдану аясы кеңейіп, қоғамдағы беделі де белең алуда. Осы фактор қазақ тілі мен осы күні саны 25-ке жеткен басқа да түркі тілдерінің қарым-қатынасы процесін объективті түрде ынталандыруды белсендіріп отыр.

Жоғарыда айтылған фактілер негізінде бүгінде еліміздің барлық аймақтарында өзге ұлт өкілдері өзіндік ерекшелігін, салт-дәстүрін және мәдениетін, әдебиеті мен тілін сақтай отырып, Қазақстандағы қазақтармен бейбіт өмір сүріп отыр. Еліміздегі барлық іс-шараларда және ұлттық мерекелерде кез келген өзге ұлт өкілдері өздерінің мәдени, ұлттық дәстүрлерін көрсетіп, халыққа паш етеді. Осы тұрғыдан келгенде, Оңтүстік Қазақстан облысындағы халықтың ұлттық құрамы 130-дан асып жығылады. Олардың ішіндегі түркі тілдес халықтарға келсек, олар 20-дан аса құрамда. Осы 20-дан аса түркі тілдес халықтардың ішінде Оңтүстік Қазақстан халқының басым бөлігін құрайтын өзбек халқы облыс тұрғындарының үштен бір бөлігі болып табылады. Өзбек халқының Қазақстанға қоныстануының өзіндік тарихи алғышарттары, даулы-дамайлы, әлі де терең зерттеуді қажет ететін тұстары бар. Қазіргі кезде өзбек этносының өкілдері Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан, Сайрам, Сарыағаш, Төле би, Қазығұрт, Мерке аудандары мен Шымкент, Түркістан, Тараз, Кентау қалаларында көп шоғырланған.

Соңғы жылдары Қазақстанға және Қазақстанның басқа да елді мекендеріне еңбек миграциясының кең таралуымен бірге, өзбектер Қазақстанның – Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ Алматы, Қарағанды, Маңғыстау, Қызылорда облыстарында да көптеп кездеседі. Осы жерде айта кететін жайт, қазақстандық өзбек этносының басым көпшілігі баяғысынша ата-бабаларының кәсібін сақтап, ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығымен айналысады, сондай-ақ қазіргі кезде басқа кәсіппен айналысатындар да кездеседі. Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет, халыққа қызмет көрсету, ресторан, асхана, дәмхана саласы, мұғалімдер және т.б.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы еліміздегі этнодемографиялық жағдайдың күрт өзгеруіне алып келді. Тәуелсіздік кезеңінен бастап Қазақстаннан Ресейге және Еуропа елдеріне көші-қон процесі жүруі Қазақстан халқының жалпы санын 9,1% төмендетті. Соған байланысты Тәуелсіздік жылдары Қазақстан халқының басым көпшілігінің саны күрт төмендеді. Осы ретте тек қана өзбектер мен ұйғырлар ғана өз халқының санын сақтап қалды.

Оның үстіне өзбектер мен ұйғырлар өз санын табиғи өсім арқылы ұлғайтты, ал қалған халықтар миграция есебінен өз халқының санын көбейтті. Қазақстанның кең-байтақ жерінде халықтардың тарала өмір сүруі өзара жеке қатынастардың дамуын ынталандырды, ал басқа мәдениет пен конфессия аралық қатынастар жаңа мәдениетаралық және этникааралық қатынастар механизмін қалыптастырды.

Қазақстанда қазіргі уақыттағы түркі халықтарының, оның арасында түркі диаспорасының субэтникалық топтарының тілі, мәдениеті мен тарихының синхрондық сараптамасы осы кезге дейін жүйелі түрде жасалмаған. Қазақстандағы түрік диаспорасының этномәдени, этносаяси үрдістері туралы бірқатар зерттеулер бар. Мысалы, түркі халықтарының этномәдениеті А. Тоқтабайдың монографиясында зерттелген (2006). Қазақстандық зерттеушілердің диссертациялық еңбектерінде түркітілдес халықтардағы этносаяси үрдістердің зерттелу тарихы, Қазақстандағы түрік диаспорасының этномәдени дамуы сарапталған. Американдық ғалым Дейва Бхавнаның (Dave, Bhavna) монографиясында Қазақстанның этникалық ерекшеліктері зерттелген (Bhavna, 2007).

Жүргізілген әлеуметтік сауалдар нәтижесінде, Қазақстандағы түріктердің өздерін түрік ахысқа, түрік хемшилли, түрік лаз, түрік терекеме деп таныстыратындықтары анықталды. Бұл субэтникалық топтар тек біздің елемезде өмір сүруде. Қазақстандағы түріктердің тілдері мен мәдениеттері туралы арнайы зерттеулер бұрын-соңды жүргізілмеген, сонымен қатар, түрік тілінің субэтникалық диалектілерінің ерекшеліктері зерттелмеген, жоғалып бара жатқан түрік тілі нұсқалары мәтіндерінің құжаттық қоры жасалмаған. Өздерінің отаны Грузияға оралуларына мүмкіндігі болмаған ахысқа, хемшилли, лаз, терекеме түріктері көптеген елдерде шашыраңқы өмір сүріп жатыр, олардың ішіндегі ең саны көп диаспора Қазақстанда өмір сүруде. Субэтникалық топтардың тіл нұсқаларының мүлдем жоғалуы мүмкін немесе олардың ревитализациясын жасау амалдарын қолға алудың қажеттілігі туып отыр. Оған қоса, Қазақстандағы түрік тілдері жазбаша нұсқасы болмағандықтан, жағдай күрделене түсуде. Осыған байланысты, түрік тілінің түрлі нұсқаларын зерттеу, құжатқа көшіру, ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараптау және сипаттау қажеттілігі, сонымен қатар Қазақстандағы түрік диаспорасының әртүрлі диалектілерінің тілдік ерекшеліктерін құжатқа көшіру түркітанудағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Түркі әлемінің өзіндік ерекшелігін қазақ ғалымдары Батыс және посткеңестік ғылыми қауымдастықтармен тығыз байланыса отырып әртүрлі лингвистикалық, мәдени-тарихи бағыттарда жан-жақты зерттейді.

Тіл құжаттау мәселесі

Қазіргі кездегі лингвистердің алдында тұрған ең басты мәселелердің бірі – бұрын-соңды зерттелмеген, жоғалып бара жатқан немесе жоғалу қаупі төніп тұрған тілдерді зерттеу және сипаттау болып табылады. Жоғалып бара жатқан немесе жоғалу қаупі төніп тұрған (endangered languages) тілдерді құжаттау – қазіргі кездегі лингвистикадағы жаңа бағыт болып отыр.

Жоғалып бара жатқан тілдерді зерттеуге түрлі гранттар арқылы қолдау көрсетіледі. Олардың бірі «Жоғалып бара жатқан тілдерді құжаттау» Бағдарламасы (ELDP). Бағдарламаның мақсаты – жоғалып бара жатқан тілдерді далалық зерттеулерді әсіресе тілдік құжаттау саласында қолдау; лингвистикалық және басқа да қоғамдық ғылымдар, сондай-ақ тілдік қауымдастықтардың қолдануы үшін тілдік қорды жасау және сақтау банкіні құруға ықпал ету. Жоғалып бара жатқан тілдерді құжаттау Бағдарламалары Германияда, АҚШ, Ұлыбританияда бар. Олар – Фольксваген Қоры, Лизбет Раузинг Қоры, АҚШ (The Endangered Language Fund/ ELF) және Ұлыбританиядағы (Foundation for Endangered Languages/ FEL) жоғалып бара жатқан тілдерді құжаттау Қоры. Жоғалып бара жатқан тілдерді құжаттау жобаларына

Швейцария (Schweizerische Gesellschaft für bedrohte Sprachen) және Германия (Deutsche Gesellschaft für bedrohte Sprachen DGfS) Жоғалып бара жатқан тілдер Ұйымдары қолдау көрсетеді.

Жоғалып бара жатқан тілдерді құжаттау мәселелері жоо ғылымы тарапынан да зерттеледі. Й.В.Гёте атындағы Майнадағы Франкфурт университетінде Кавказ, Сібір және оңтүстік-шығыс Азия халықтарының жоғалып бара жатқан тілдеріне зерттеу жүргізілді. Сібір түркологтары тілдік құжаттауды алғаш бастағандар болып табылады. Жоғалып бара жатқан Сібірдің тұрғылықты халықтарының, сондай-ақ түрік халықтарының тілдерін құжаттау қазіргі кездегі сібір түркологиясының ең басты мәселелерінің біріне айналып отыр, себебі ондаған Сібірдің тұрғылықты халықтарының тілдері жоғалу алдында тұр. Сібір түркологтарының ең алғаш қатысқан Бағдарламасы 1990-1992 жылдары шор тілінің баспа машинкасымен жазылған қорын жасау болды. Новокузнецк мемлекеттік педагогикалық институтының түркологтары А.В.Есипова, И.А.Невская және бағдарламалаушы Д.Ю.Иванов мәтіндік және сөздік қор мәліметтерінің бағдарламалық ортасын құрып, автоматтандырылған морфологиялық талдау бағдарламасын жасады (Невская, 2005).

Шор тілін құжаттау Ресей қолданбалы зерттеу Қоры (РҚЗҚ) және Неміс ғылыми-зерттеу қоғамы қаржыландырған «ШОРИКА» халықаралық жобасының аясында неміс және ресейлік ғалымдар тарапынан жалғасын тауып, шор тілін сақтау мақсатында шор тіліндегі текстердің (әдеби және ауызша үлгілері) электронды нұсқасы сақталып, оның тілдік сипаты жасалды (1999-2002ж.ж.). Оған сондай-ақ баспадан шыққан, бірақ табылуы қиын дереккөздер (мысалы, он тоғызыншы ғасырдағы миссионерлік әдебиет) және қайта жаңғырып жатқан заманауи шор әдебиетінің үлгілері енді. Бұл дереккөздер текстердің шор-орыс-ағылшын тіліндегі глоссарий базасы ретінде қолданылды. Текстерді талдау жасау барысында жасалған глоссарий 4300 тілдік бірлікті құрады. Ол шор тілінде бар сөздіктердің ең үлкені болып табылады және үш тілді сөздік ретінде баламасы жоқ. Бұл база Шубокс (Shoebox) бағдарламасы арқылы жасалған. Жоба тек қана ғылыми емес, сондай-ақ шорлықтардың жазуының жаңғыруы және ұлттық білімімен байланысты қолданбалы бағытта да болды. Осы жобаға қатысушылар жасаған шор текстерінің электронды корпусы, дайын морфологиялық талдау, ондағы орыс және ағылшын терминологиясы, шор-орыс-ағылшын сөздігі және т.б. білім берудің әр түрлі саласындағы ресейлік және шетелдік зерттеушілер тарапынан білім беру, ғылыми жұмыстармен қатар, оқу құралдарын және оқулықтар, теориялық курстарды жасауда, типологиялық және салыстырмалы-тарихи зерттеулерді жүргізуде пайдаланылады. Барлық материалдар Франкфурт университеті серверінің ШОРИКА (<http://shoriya.ngpi.rdtc.ru>) сайтында орналастырылған.

Сібір халықтарының тілін құжаттау жұмыстары Сібірдің басқа аймақтарында да жүргізілуде. Қазір түркологтар Алтай тіліне қатты қызығушылық білдіріп отыр, себебі Алтайдың түрік тілді халықтарының сөйлейтін лингвистикалық нұсқалары алтай әдеби тілінің диалектілері емес, жеке тіл ретінде танылып отырған кезеңде, оларды құжаттау мәселесі алдыңғы орынға шықты. Олар ұзақ уақыт зерттеушілердің назарынан тыс қалды және барлығы жоғалу алдында тұр. Осы Алтай тілінің бірі чалқан тілін алғаш рет құжаттау жұмысы Франкфурт университетінде неміс ғалымдарының бір тобын басқарған М.Эрдалдың басшылығымен, халықаралық жоба аясында іске асты. Жобаға Неміс ғылыми-зерттеу қоғамы мен РҚЗҚ қолдау көрсетті. Ресейлік серіктес ретінде жобаға РФА СБ Филология институты қатысып, зерттеу тобын А.Н.Озонова басқарып, И.А.Невская үйлестіруші болды. Жоба шор тілінің зерттеушілері бойынша жүргізілді, бірақ лингвистикалық мәліметтер базасы Toolbox бағдарламасы бойынша жүргізілді. Жобаға чалқан тілінде сөйлейтін өкілдер көптеп тартылды, олар зерттеушілерге жылдар бойы жинаған чалқан тіліндегі текстерді берді. Жобаға қатысушылар чалқандықтар тұратын

жерлерге экспедициялар ұйымдастырды, құнды -аудио-бейне материалдар жинады. Жобаның нәтижесі ретінде чалқан тілі туралы ондаған мақалалар жарияланып, екі ғылыми жинақ, балаларға арналған кітаптар басылымнан шықты.

Қазақстанда жоғалып бара жатқан тілдерді құжаттау бойынша арнайы қорлар жоқ, дегенмен, ҚР БЖҒМ «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағдарламасы жоғалып бара жатқан тілдерді құжаттауға қолдау көрсетеді, мысалы, «Қазақстанның түрік әлемі: тілдер нұсқалары, мәдени архетиптер, түрік диаспорасын сәйкестендіру» жобасы ҚР БЖҒМ қолданбалы зерттеулер Бағдарламасы тарапынан қолданды. Жобаның мақсаты – еліміздің оңтүстік аймақтары: Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында тұратын жоғалып бара жатқан түрік тілін тұтынушылар тілдерін құжаттау. Түрік тілдерінің барлық нұсқалары (ахысқа, хемшилл, терекеме, лаз) негізгі тілдерінен ажыраған болатын. Жетпіс жыл бойы (КСРО тарағанға дейін) олар Түрік республикасында қолданылатын түрік тілімен араласқан жоқ. Ал түрік тілінің өзі Кемалдық реформадан кейін біраз өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Сондықтан Қазақстандағы түрік тілінің әлі де болса жазылып алынбаған нұсқаларын жинау, топтастыру және оларды сипаттаудың лингвистикалық маңызы зор. Жағдай тілді қолданушы ескі көздердің өмірден озуымен, ал жаңа ұрпақ тілінің Қазақстанда тұратын басқа да халықтар тілдерімен ықпалдасуының салдарынан өзгеруімен де қиындап отыр. Қазақстанда тұратын түрік халқы тілдерін құжаттау қазіргі кездегі түркологияның өзекті мәселесі болумен қатар лингвистерге нақты, жаңа және ешбір жерде жарияланбаған тілдік материалды игеруге мүмкіндік береді.

«Фольксваген» қорының (Германия) гранттық қаржыландыруымен 2014 жылдан бері Берлин Еркін университеті (Германия), Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ және М.Х.Дулати атындағы ТарМУ базасында «Пост-кеңестік Қазақстандағы түрік халықтарының тілі мен мәдениетінің арақатынасы» тақырыбындағы халықаралық жоба бойынша жұмыс атқарылуда. Жобаның мақсаты – түрік тілдеріне әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу жүргізу, Қазақстанда тұрып жатқан жоғалып бара жатқан қарайым, қырымшаық, шор тілдерін құжаттау болып табылады. Сонымен қатар қазақстандық ғалымдар осы жоба аясында неміс түркологиялық мектебі қолданып жатқан тілдерді құжаттаудың инновациялық халықаралық стандарттарын да игеруге мүмкіндік алады.

Тілдік құжаттау қазіргі кездегі лингвистиканың жеке саласы, оның өз зерттеу әдістері, ережелері бар, ол сипаттамалы және нормативті емес. Оның міндетіне грамматиканы, сөздікті немесе тілодің стандарттық нормаларын жасау енеді.

Тілді құжаттаудың негізгі мақсаты – тілді әр түрлі қалыпты жағдайларда қолданудың көпмақсатты қайта таныстырылатын мысалдар корпусын жасау, яғни әр түрлі әлеуметтік және мәдени контекстерде коммуникативтік жағдайларды жазып алу. Ары қарай барлық мәліметтер түсіндіріледі, мағынасы ашылады және түсініктеме беріледі. Тілдік құжаттаудың негізгі ұстанымдарына мыналар жатады:

- әр түрлі лингвистикалық сипаттау базасы ретінде жоғары сапалы лингвистикалық мәтіндердің кең түрін жасау;
- тілдік мәтіннің басқа дереккөздері жоғалып кетсе де нақты тілді жаңғыртудың негізін құру;
- тілді сақтау және оқытуға негіз болатын мәтінді жасау.

Тілдік құжаттау келесі компоненттерді қамтуы тиіс:

- әр түрлі стильдегі және әр түрлі контекстегі оны қолданудағы ауызша тілдің жазбалары (бейне немесе аудио) метатілге аударылған аннотациясымен және транскрипция;

- әр түрлі стильдегі және әр түрлі контекстегі жазбаша тілдің жазбалары, метатілге аударылған аннотация; маңызы бар әлеуметтік және мәдени ақпараттар; екі тілді сөздік; сөздік-тезаурус;

- оқу-әдістемелік материалдар; грамматикалық очерктер.

Тілді құжаттаудың сапалы шығуына ықпал ететін бірқатар параметрлер бар: *мысалдардың қайта таныстырылуы* (құжаттауға жиналған материал әр түрлі болуы қажет; әр түрлі диалектілер мен жаргондар; ауызша, жазбаша сөз, электронды хаттар; әр түрлі тілдік жанрлар (ертегілер, әндер, діни салт-дәстүрлер, жұмбақтар, сипаттаулар, бал ашу, оқу жағдайлары, нұсқаулықтар, диалогтар және т.б. қамтылуы керек). Құжатталатын материал диалогтық және монологтық сөйлеу, ресми және ресми емес сөйлеу жағдайында және т.б. болуы керек); *жасы мен әлеуметтік жағдайы* (интервью алынатын респонденттер әр түрлі жаста және әр түрлі әлеуметтік топтан болуы қажет (егде адамдар және жастар, ерлер мен әйелдер, әр түрлі диалектіде сөйлейтіндер, білім деңгейі әр түрлі және т.б. болуы керек); *мәліметтер көлемі* (жиналған материалдың көлемі ауқымды және статистикалық жақтан нақты болуы қажет); *сабақтастық* (құжаттау сабақтас болуы үшін құжаттауға көп адам қатысуы қажет. Ең алдымен ол тілі құжатталып жатқан топтың өкілі болуы керек. Олар материалды құжаттаудың арнайы оқуын меңгеруі керек және қажетті техникалық құралы болуы қажет. Тілді құжаттаудың бұл түрі сол тілдің өкілі болып табылмайтын лингвистер немесе жекелеген тұлғалардың жасаған дәстүрлі зерттеулеріне қарама-қарсы жасалатын құжаттау); *жүйелілік* (құжат «анық» болуы қажет: мәліметтерді оларды 500 жылдан кейін де пайдалана беруге болатындай етіп өңдеу және индексация жасау қажет. Барлық мәліметтер кең түрде қолданылатын метатілге аударылуы керек, транскрип құжатталатын тілдің фонетикасы мен фонологиясына сүйенуі керек; синтаксистік бірліктер құрылымы ажыратылып көрсетілуі керек); *материалды архивтеу* (құжат оларды жеңіл және қажет жағдайда ақпаратты сақтаудың жаңа түріне тез көшіруге болатындай етіп сақталуы қажет, себебі өзіміз білетіндей олар әрбір 5-10 жыл сайын жаңаланып отырады; жиналған лингвистикалық материал туралы толық және түбегейлі метамәлімет берілуі тиіс); *этикалық нормалардың сақталуы* (құжат ғылыми зерттеулер жүргізу этикасына сәйкес жасалуы қажет: зерттеушілер интеллектуалдық жекеменшікті құқық сақтауы және құрметтеуі керек, олар лингвистикалық мәліметтер беретін топтардың өкілдерімен жұмыс жасауы қажет, осы халықтың дәстүрлерін құрметтеп, олардың талап-тілектеріне сай жұмыс жүргізуі қажет).

Тілдік материал метамәліметке сәйкес іздеуге және ары қарай талдауға қолжетімді болуы керек. Метамәліметтер келесі ақпараттарды қамтиды: архив сұрататын метамәліметтер, жазба үстіндегі жағдай, қолжетімділік құқы, этикалық нормалар. Архив сұрататын метамәліметтерге келесі жағдайлар жазылады: жазба кезіндегі жағдай (бетпе-бет, жалғыз, адамдар тобы, үйде, далада, көпшілік ішінде т.б.); зерттелуші мен зерттеушінің аты-жөні, интервью алынып жатқан метатіл, күні, айы, жері, жазба жазу жағдайы, жазбаның сапасы.

Сұхбат алатын зерттеуші этикалық нормаларды сақтауы қажет:

- информантты жобаның мақсатымен таныстыруы;
- информанттың тілегі бойынша оның аты-жөні жасырылуы мүмкін екенін;
- информант жазбаның кімге арналатынын шешетінін, қажет болған жағдайда кімге арналатынын (тек жобаға қатысушы ғалымдарға, осы мәселе қызықтыратын әлемдік ғалымдарға, көпшілікке) да айта алатынан ескертуі керек.

Қазақстандық түркологтардың назары қазіргі кезде еліміздің тілдік ландшафтынан ғана емес, тарихи аренасынан да жоғалып бара жатқан тілдерде болып отыр. Одан басқа, түрік тілдерінің әр түрлі нұсқалары да бар екенін жоғарыда айтып

кеттік. Олардың барлығы дерлік жоғалу алдында тұр, сондықтан оларды қайта жаңғырту шаралары жасалуы қажет. Оның үстіне олардың жағдайын сол тілдердің хатқа түскен нұсқасының болмауы да қиындатып отыр. Оның үстіне осы байырғы этностардың ұлттық өзіндік танымының көтерілуі, келешек ұрпақ үшін өз тілі мен мәдениетін сақтауға деген талпынысы осы тілдерді құжаттауға деген әлеуметтік тапсырыстың бар екенін білдіреді және осы тілдік құжаттау тек қана ғылыми емес, сонымен қатар әлеуметтік мәнге ие болатынын дәлелдейді.

Аудио және бейне материалдар құжатталады, сосын ауызша жазбаның әрқайсысы жеке-жеке транскрицияланады. Жазбалардың мағынасын түсіндіру – зерттеудің ең бір еңбекті көп қажет ететін міндеті.

Тілдік мәліметтерді жүйелеу, әр файлға метамәліметтер жасау үшін Arbil бағдарламасы қолданылады, ол төмендегідей мүмкіндіктерге ие:

- архивте сақталған бірліктерді көру;
- метамәліметтерді импорттау және экспорттау, оларды редакциялау;
- метамәліметтер арқылы жаңа корпустар мен қосымша корпустар жасау;
- түрлі қолданушылар үшін файлдардың қолжетімдігін басқару және қажет жағдайларда мәліметтерді жасыру.

Қазіргі таңдағы тіл білімін зерттеуші лингвист ғалмдардың алдында тұрған ең басты мәселелердің бірі бұрын-соңды зерттелмеген, жоғалып бара жатқан немесе жоғалу қаупі төніп тұрған тілдерді зерттеу және сипаттау болып табылады. Жоғалып бара жатқан немесе жоғалу қаупі төніп тұрған (endangered languages) тілдерді құжаттау – қазіргі кездегі лингвистикадағы жаңа бағыт болып отыр.

Атап айтқанда, мәтіндер корпусын жасау, жоғалып бара жатқан тілдерді құжаттау түркітанумен қатар Қазақстан лингвистика үшін болашағы зор бағыт болып табылады. Сонымен қатар шетелде тұратын этникалық қазақтардың да тіл ерекшелігін, тарих пен мәдениетті зерттеу өзекті мәселе. Осы арада Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім министрлігі Ғылым комитетінің қолдауымен орындалып жатқан проект (грант № AP19676809) Моңғолия мен Қытайдан келген этникалық қазақтардың ҚР-на интеграциялану тетіктерін әлеуметтік-мәдени және лингвоэкологиялық мониторинг арқылы зерттеу. Зерттеуде қазақтың тілін, мәдениетін және рухани бірлігін сақтау дәрежесін анықтайтын тілдік, әлеуметтік-мәдени және білім беру аспектілері қарастырылады.

Қытайдан келген қазақ қандастардың тіл ерекшеліктері

Этникалық қазақтар Қазақстаннан тыс жерлерде әлемнің 40 елінде, соның ішінде Ресейде, Өзбекстанда, Ауғанстанда, Моңғолияда, Түркияда, Алманияда, Қытайда тұрады. Қазақстаннан тыс жерде этникалық қазақтардың ең көп құрамы (1,514,800) Қытайда қоныстанған.

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздік алғаннан кейін ата-бабалары объективті және субъективті факторлардың әсерінен өткен ғасырдың бірінші жартысында Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған этникалық қазақтар өздерінің тарихи Отанына орала бастады. Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде алыс-жақын шет елдерден мыңдаған этникалық қазақтар тарихи Отанына қайтып оралды. Қазақстанға қоныс аударған қандастардың ішінде саны жағынан ең көбі – Қытай мен Моңғолиядан келген этникалық қазақтар. Атамекенге қоныс аударған халықтың ана тілі нормасын жетік меңгергендігі Қазақстанда кеңес өкіметі жылдарында жойыла жаздаған қазақ тілінің, ұлттық болмысының, мәдениетінің, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр функцияларының қайта жандануына ықпал етті. Сонымен қатар түрлі мәселелермен бетпе-бет келген отандастар әлеуметтік-мәдени және лингвистикалық қиындықтарды бастан кешірді. Осыған байланысты, қандастарымыздың әртүрлі нұсқаларын зерттеу, құжатқа көшіру, ғылыми

тұрғыдан жан-жақты сараптау және сипаттау қажет және маңызды мақсаттын бірі болып табылады.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының жаһандану әлемінде көптеген жылдар бойы жоғалған қазақ халқының рухани бірлігін қалпына келтіру, тілін сақтау, ұлттық бірегейлік пен қазақ мәдениетін нығайту тұрғысынан терең адамгершілік міндетке ие. Оған елдің ұлттық және экономикалық қауіпсіздігінің басымдықтарының бірі болып табылатын Қазақстан Республикасындағы көші-қон саясаты ықпал етеді. Қазақстан бірінші кезекте басқа мемлекеттерде тұратын этникалық қазақтардың көшіп келу саясатын таңдады. Қазіргі кездегі қандастардың ата-бабалары Кеңес өкіметі кезеңінде белең алған қазақ халқын кемсітушілікпен, ауқатты қазақтардың әлеуметтік топтарының жойылуымен, қолайсыз тұрмыстық нормаларды зорлық-зомбылық арқылы енгізулеріне келіспегендіктен елден кетуге мәжбүр болды.

Қазақтардың қазіргі кездегі шекара аясындағы Отанына қайтып оралуы ортақ тарихты жасауға, ұлттық бірегейлік пен қазақ мәдениетінің сақталуына, қазақ тілін жаңғыртуға және қызмет аясын кеңейтуге ықпал етеді. Қазақ тілі өзінің диалектілік айырмашылықтарының болмауымен ерекшеленеді (*Аманжолов, 2001; Сарыбаев, 2010*). Қазақтар әлемнің кез-келген жерінде өмір сүрсе де, олар қазақ тілінің ауызша нұсқасын түсінеді. Дегенмен, әріптік жүйедегі айырмашылықтардан бір-бірінің жазбаша нұсқасын түсінбейді. Кириллицаны Қазақстан, сондай-ақ Ресей мен Моңғолия этникалық қазақтары, Қытай, Ауғанстан, Иранда тұратын қазақтар араб жазуын (төте жазу), латын әрпін Түркия мен Еуропа елдерінің этникалық қазақтары қолданады. Белгілі бір халықтың түрлі жазбаша жүйелерін пайдалануы, *біріншіден*, XIX және XX ғасырдың басындағы жазба мұрадан үзіліп қалуына, *екіншіден*, Қазақстандағы алфавиттық жүйелердің реформалары қазақ жазбаша тілін түсінбеуге алып келді. Қазіргі заманғы ғылыми және көркем әдебиеттің үлкен бөлігі, тарихи құжаттар елден кетіп қалған қазақтар үшін де, Қазақстанның қазақтарына да қолжетімді болмай қалды. Осылайша, жазу қазақ тілін біріктіретін қызметінен айырылып, Қазақстаннан тыс жерлерде өмір сүретіндер үшін де қазақ тілінің рөлін әлсіретті.

Этникалық қазақтармен байланысты мәселелерді зерттеу түрлі бағыттар бойынша жүргізіледі. Атап айтқанда, Ресейде тұратын қазақтардың тілін зерттеу проблемаларымен, Ресей ғылым академиясының Сібір бөлімінің филология Институтының (Ресей) ғалымдары белсенді түрде айналысып отыр, олар Алтай Республикасының Қос ағаш ауданы қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеді (*Октябрьская, 1997*). Қазақ тілінің лексикасы мен Оңтүстік Сібір түркілері (Саян-Алтай) тілдерінің салыстырмалы талдауын жасаумен Е.В.Тюнтешева айналысуда (2006).

Қытайдағы қазақ қоғамының тарихы Н.Мұқаметханұлының монографиясында зерттелген (2000). 1860-1960 жылдар аралығындағы Қазақстан мен Қытай арасындағы көші-қон мәселелері Г.М.Мендикулованың еңбектерінде көтерілген (2008). 1940 жылдардағы Шыңжаң қазақтарының ұлт-азаттық күресін Т.З.Қайыркен зерттеген (2008). Қазақстандағы оралмандар мәселелері А.Динер еңбектерінде қарастырылған (*Diener, 2005*). ҚХР қолданылатын қазақ тілінің модалділік категориясы ҚХР азаматшасы, этникалық қазақ Айнұр Әбіштің жұмыстарында зерттелген (2016).

Этникалық және тілдік сәйкестіктің әлеуметтік-лингвистикалық проблемалары бірқатар қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде зерттелген (*Сулейменова, 2006*). Қазақстандағы репатрианттардың тілдік және этникалық сәйкестендіру процесі Ш.К.Жарқынбекова (2011), А.Е. Агманова (2015) еңбектерінде қарастырылған. Қазақстанның этностық ерекшеліктеріне американдық ғалым Дейв Бхавна) монографиясы арналған (*Dave, Bhavna 2007*). Қытайдан келген этникалық қазақ қандастардың тарихы, тілі мен мәдени ерекшеліктеріне кешенді зерттеу жүргізілмеген.

Қытай қазақтарының тарихы аса маңызды тарихи құжаттарға негізделе отырып алғаш рет зерттеліп отыр, ол жалпы қазақ тарихындағы тарихи фактілерді қайта зерделеуге, нақтылауға ықпал ететін болады. Қытайдағы этникалық қазақтардың тарихын зерттеудің ерекше ғылыми маңызы бар, өйткені бұл мәселе "Мәңгілік ел" ұлттық идеясында көрініс тапқан қазақ халқының ортақ тарихын жасаудағы «ақтаңдақтарды» толтыруға, қазақ халқының бір этникалық кеңістікте бірлесуіне, тіл мен мәдениеттің нығаюына ықпал етеді.

Қандастардың тілдік ерекшеліктерін зерттеу өзекті және екі жақты қызығушылық тудырады (*Tazhibaeva, Saule, Nevskaya Irina, 2016*). Бір жағынан қазіргі кездегі Қазақстанда жоғалған және қандастардың тілінде ғана сақталған қазақ тілінің грамматикалық және лексикалық түрлерінің архаикалық формаларын зерттеу, екінші жағынан Қытайда да және ҚР-да да мәдени ассимиляциялау үдерісі мен ұрпақтардың жаңаруына байланысты жойылу қаупі төніп тұрған ортақ құндылықтарды сақтау үшін оларды жазып алу және құжаттау тұрғысынан да қызығушылық тудырады. Этникалық қазақтардың шоғырланып тұруы Қытайдағы қазақ тілінің қызметінің нығаюына ықпал етті. ҚХР этникалық қазақтары Іле-Қазақ автономиялық облысында, Синьцзян-Ұйғыр автономиялық облысында, Хайси-Моңғол-Тибет автономиялық аймағында тығыз шоғырланған, бұл оларға дәстүрлі өмір сүру салтын, қазақ тілінің архаикалық формаларын және дәстүрлі мәдениетті сақтап қалуға мүмкіндік берді. Алайда, қазіргі кезде жағдай өзгеріп отыр.

ҚХР этникалық қазақтардың тілі Қазақстандағы тілдік реформаға және 1938 жылы кириллицаға өтуге дейінгі қалпын сақтап қалған. Қытайдан келген қандастардың тілдік ерекшелігін құжаттау маңызды міндеттерінің бірі.

ҚР азаматтығын алған, Қытайдан келген қандастар қазіргі кездегі қазақстандық ортаға белсенді түрде кірігіп отыр. Олардың тіліндегі Қазақстан тұрғындарына тән емес архаикалық грамматикалық, фонетикалық формалар, ерекше лексика, жоғалып бара жатыр. Осыған байланысты тез арада қандастарымыздың тілін зерттеу, құжаттау, жан-жақты зерделеу, ғылыми сипаттама беру қажет. Тілдік құжаттау тек қана ғылыми емес, сондай-ақ үлкен әлеуметтік мәнге ие. Лингвистикалық құжаттау метадеректерді қамти отырып ағылшын және қытай тілдерінде морфологиялық оқу құралымен бірге электронды мәтіндер корпусын құрастыруға мүмкіндік береді.

Қытайдан келген қазақтар орналасқан мекен жайы Алматы қаласы мен Алматы облысы, Астана мен Ақмола облысы, Шығыс Қазақстан облысы. Зерттеудің жеке перспективалық тақырыбы қандастардың әлеуметтік-лингвистикалық жағдайын зерттеу болып табылады. Қытайдағы этникалық қазақтардың жаңа ұрпағы көптілді. 90-шы жылдардың соңында туылған және ҚХР-дың ірі мегаполистерінде тұратын қазақ жастарының лингвистикалық жағдайы аға буынның лингвистикалық жағдайынан түбегейлі айырмашылығы бар.

Қытайда қазақтар тұратын аймақтарда әлеуметтік-лингвистикалық жағдай өзгеріп жатыр. Қытайда қазақ тілі аз ұлттар тіліне жатады. Қытайдың азшылық тілдерінің бірі болғанына қарамастан, ҚХР-дағы қазақ тілі соңғы кезге дейін доминант тіл болды. ҚХР-дың кейбір өңірлерінде қазақ тілі басқа аз ұлттардың лингво-франко тілі болып табылады. Тілдік жағдай әр өңірлерде бірдей емес. Іле-Қазақ автономиялық облысында ресми билік органдар тарапынан тең құқықта қазақ және қытай тілдері қолданылады. Мемлекеттік рәміздер, ресми мөр, көше атаулары, топонимика, жол белгілері екі тілде де жазылады. Сот отырысы қазақ тілінде жүргізіледі. Қазақ тілі - білім беру, медиа, радио және теледидар тіліне айналған. ҚХР-да қазақ тілінің жағдайы қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық және демографиялық үдерістерге байланысты әлсіреп бара жатыр. Қазақ тілінде білім беретін мектептер саны жылдан-жылға азаюда. Этникалық қазақтардың балалары қытай тілінде білім беретін мектептерде оқуға мәжбүр

болып отыр. Яғни, этникалық қазақтардың тілдік қызметтері тарылып, әлсірей бастады. Қазақ тілі доминант тілден отбасы аясында қолданылатын тұрмыстық тілге айналып бара жатыр.

Қытайдан келген қандастар қазақтардың тіліндегі архаикалық формалар, салт-дәстүрлер және ата-бабалар тарихы оны білетін аға буын өкілдерінің дүниеден озуына байланысты жағдай одан әрі күрделене түсуде. Қытайдан келіп отырған қазіргі қандастардың жаңа буыны қазақ-қытай-ұйғыр тілдерін қолданатын полилингвтер болып отыр. Олардың ауызекі сөйлеу тілінде қытай және ұйғыр тілінің интерференциясы қатты байқалады. Болып жатқан жаһандану үдерісі, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қытай тілінің әсер етуі, қытай тілінде білім беру ҚХР-де өмір сүріп жатқан этникалық қазақтардың бірегей тілі мен мәдени ерекшеліктерінің бұзылуына ықпал етуде. Қазақстанға көшіп келген қандастар әлі де мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретіндегі орыс тілінің маңызды рөлге ие болып отырған елдің солтүстік және шығыс өңіріндегі жаңа тілдік ортаға тап болады.

Қытайдан келген қандастарың фонетикалық ерекшеліктері

Қытайдағы қолданыстағы қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс бар: **а, ә, о, ө, е, ұ, ү, ы, і**. Осы дауысты дыбыстардың қай-қайсысы да әдеби қазақ тіліндегі қолдану дағдысынан өзгешеленіп, сөздерде бірінің орнына бірі жұмсалып, өзара алмасып келеді. Дауысты дыбыстарға қатысты алмасулар:

1. жуан, жіңішке дауыстылардың өзара алмасуы,
2. ашық, қысаң дауыстылардың өзара алмасуы,
3. еріндік, езулік дауыстыларының өзара алмасуы –

деп үш топқа жіктеліп сипатталды. Жасалу орнына қарай жуан дауыстылар жіңішке дауыстылармен, ал жіңішке дауыстылар жуан дауыстылармен алмасады. Жасалу жолына қарай ашық дауыстылар қысаң дауыстылармен немесе керісінше ауысып отырады. Ерін қатысына қарай бөлінетін дауыстылар — ерін мен езу дыбыстары да белгілі бір мөлшерде бірінің орнына бірі қолданылып келетін жағдайлары кездеседі. Бұлардан тыс дауыстылардың сөз ішінде түсірілуі және қосылуы сияқты ерекшеліктер де ұшырасады.

Сондықтан жобаның аясында жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулеріміздің нәтижесі бойынша сөйленімнің фонетикалық ерекшеліктерінің әдеби қазақ тілімен салыстырғандағы айырмасы анықталды.

Дауысты **а** мен **ә** дыбыстарының бірінің орнына бірі қолданылуы сөйленімдерде кең тараған. Бұндай **а-ә** алмасудың салдарынан жуан айтылатын біраз сөздер жергілікті халықтың тілінде жіңішке түрде дыбысталады.

(1) Ауылдан алыс сол жылдар» осы *кітап* туралы айтайын...

“Awıldan alys sol žıldar” osi *kitap* twrafi aitaïjn...

[Қалбан Ынтаққанұлы Астана 28112023]

(2)...оқу бітіргеннен кейін *жәңге*...

...oqw bitirgennen keyin *žañgeji* ...

[Ұлан, мектепте математика пәнінің мұғалімі, Астана Қоянды 29102023]

(3) Осы көксөздіктің тариқын *жәңге* Тұрсынқан ағам айтты.

Osï köksözdiktij tariqin *žañge* Tursınqan aғam ayttı.

[Қалбан Ынтаққанұлы Астана 28112023]

(4)... келінге келін болады екенсің *бәягі*, зыр жүгіріп...

... kelinge kelin boladi ekensin *bäyagi*, zir žügirip...

[Өбила Күлістанқызы, Астана 08022024]

Мысалдардан **а/ә** дыбыстардың алмасуының Қытай қазақтарының сөйленімінде жиі ауысқаның көруге болады. Осындай дыбыстық құбылыс қазақ жерінің оңтүстігінде де байқалады.

Қытайдан келген қандастармен жүргізілген сұхбаттан ауызекі тілде сөздің алдына «i; ы; у; ұ» дыбыстарының қосылуы байқалады.

(5) Оралманның оқушылардың алдыңғы *ilegi* болдық.

Oralmanın oқwşılardıñ aldınğy *ilegi* boıdıq.

[Ұлан, мектепте математика пәнінің мұғалімі, Астана Қоянды 29102023]

(6)... сол кісі айтбақтай, *ıras* келінге келін болады екенсің...

...sol kışi aytbaqtay, *ıras* kelinge kelin boıadı ekensin...

[Өбила Күлістанқызы, Астана 08022024]

Дауыссыз дыбыстардың қолдану ерекшелігі

Қандастардан алынған сұхбаттарды талдау барысында *ш* дыбысының орнына *ч* дыбысын жиі қолданатындығы байқалды. Бұны төменде берілген мысалдардан көруге болады.

(7)...бұрышта кішкене майшамын қойып ап *чырағын*...

...buřıřta kışkene mayřamın qoyıb ap řırayın...

[Ержан Ақылбекұлы Уақыты: 16:14 Астана 28112023]

(8)... көзде көзілдірік қағазды *чимайлайт* та отырад.

...közde közilđirik qayazdı řimaylayt ta oıırad.

[Ержан Ақылбекұлы Уақыты: 16:14 Астана 28112023]

Дауыссыз *т* дыбысы қазақ әдеби тіліндегідей сөздің басында кездеседі (тариқ, ...), алайда кей сөздерде «*т*» дыбысы «*д*»-ға алмасып отырады. Мысалы: *түзу-дүзу, тұз-дүз, түзету-дүзету* т.б.

(9)...жақсылып дұздап, дұзы сінген соң дұзу ағашқа қатарластырып іліп қоятын.

...řaksılpar dızdap, dızi řingen soñ dızw ağřka qatarlařtırıp ilip qoyatın.

[Нүриләш Әбзалқанқызы Астана 18022024]

Қытайдан келеген қандастардың сөйленіміндегі дыбыстарында қытай тілінің ықпалы болса да, кейбір қытайдан енген сөздерді қазақ тілінің үндесу заңына сәйкес қолданады. Әдеби қазақ тілінде дыбыстық, лексикалық басқа өзгерістер кириллицаға ыңғайлап, қазақ тілінде жоқ кірме дыбыстар пайда болды. Мысалы: *министрлік, вагон, самовар* деп қолданысқа еніп кетті. Кезінде басқа тілден енген сөздер қазақтың дыбыс жүйесіне сәйкестеніп қазақ тілін байытатын, мысалы, *самаурын, уагон*. Қазіргі қазақ тілінде орыс тілінен немесе басқа тілден келген сөздерді сол бойынша айтамыз және жазамыз. Сұхбаттарды талдау нәтижесі көрсеткендей Қазақстанға келген аға буын Қытайда жоғары оқу орындарында қытай тілінде білім алса да қазақ тілінің фонетикалық, дыбыстық айтылымын, интонациясын, екпінін таза сақтаған және олар сол бай сөздік қорды пайдаланады.

Қорытынды

Қазақстандағы түркі этностарын (оның ішінде түріктерді) зерттеу тақырыбы ең алдымен Түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі үрдістерінің аясында жаңа өзектілікке ие болды. Түрік тілінің субэтникалық диалектілерімен бірге ерекшеліктерінің анықталуы, жойылып жатқан түрік тілі нұсқаларының мәтіндік қорының құжатқа көшірілуі және мәдени архетиптерінің зерттелуі алғаш рет жасалуда. Субэтникалық топтардың тілдерінің нұсқалары жоғалу қауіпінде немесе олардың ревитализациясын жасау үшін соңғы мерзім келген. Оған қоса, Қазақстандағы түрік тілдерінің жазбаша болмауы жағдайды күрделендіреді. Осыған байланысты, түрік тілінің әртүрлі нұсқаларын зерттеу, құжатқа көшіру, ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараптау және сипаттау қажет. Жаһандану үрдістері, спутник теледидары арқасында қазіргі түрік тілінің әсері, бұқаралық ақпарат құралдары қазақстандық түріктердің әртүрлі субэтникалық топтарының өзіндік мәдениеті мен тілінің өзгеріске ұшырауына себеп болуда. Түріктердің ұлттық сана сезімінің жоғарлауы, өз тілі мен мәдениетін сақтауға ұмтылыстары, бұл тілдердің құжатқа көшірілуі әлеуметтік сұранысқа ие

болғандығын көрсетеді. Құжатқа көшірілудің тек қана ғылыми емес, сонымен қатар үлкен әлеуметтік маңызы да бар.

XXI ғасырда қазақ азаматтығын қалыптастырудың – қазақ этносының – қазақстандықтар мен шетелдегі қазақ диаспорасының рухани бірлігін қалпына келтіруде шешімін табуы қажет ететін мәселелерді зерттеу жаңа мәнге ие болып жатыр.

Қытайдың этникалық қазақтары Қазақстанда кеңестік билік орнағанға дейінгі қазақ халқының тілі мен мәдениетін сақтап қалған. Тілдің барлық ерекшеліктері, дәстүрлі мәдениеті, халықтың есінде сақталған маңызды тарихи оқиғалары ұрпақтардың алмасуына байланысты жойылып бара жатыр. Қандастардың жас ұрпағы өздерінің ана тілін жоғалтып, қытай мен ұйғырлардың мәдениетіне ассимиляцияланып барады. Қытайдағы аға буынның сақтап отырған тілі, мәдениеті және қазақ халқының тарихы зерттеушілер тарапынан шұғыл түрде жазып алуды және құжаттауды қажет етеді. Қытай қазақтарының тарихы мен рухани байлығын зерттеуді Қазақстанда, қандастардың тіл ерекшеліктерін зерттеу мен құжаттау арқылы жүргізуге болады.

Сілтеме. Ғылыми жұмыстың зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім министрлігі Ғылым комитетінің қолдауымен орындалды (грант № AP19676809).

Acknowledgements. This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant №. AP19676809)

ӘДЕБИЕТТЕР

- Abish, Aynur & Csato, Eva (2012), Recent developments in Kazakh as spoken in the People's Republic of China. Lars Johanson (ed.) *Turkic Languages* (Vol.15), s. 275–290.
- Abish, Aynur & Csato, Eva (2015), Language attitudes and linguistic habits of young Kazakhs in Xinjiang. Raihan Muhamedowa (ed.). *Turcologica* (Vol.102), Harrassowitz Verlag, s. 159-175.
- Tazhibayeva, Saule & Nevskaya, Irina & Mutali, Aliya & Kadyskyza Aigul (2016), Kazakh language as spoken in China: problems and research perspectives. *Еуразия университетінің Хабаршысы*. Филология сериясы, №3 (124), 59-68 бб.
- Bhavna Dave (2007), *Kazakhstan: Ethnicity, Language and Power* (London, Routledge).
- Diener, Alexander. “Kazakhstan’s Kin State Diaspora: Settlement Planning and the Oralman Dilemma”. *Europe-Asia Studies*, Vol. 57, No 2, s. 327-348.
- Агманова А.А. (2015), Вопросы культурно-языковой адаптации репатриантов казахов // Теоретична і дидактична філологія. Серія «Філологія». Випуск 21, 68. *МОВОЗНАВСТВО*, с. 68-78.
- Аманжолов С. (2001). Вопросы диалектологии и истории Казахского языка. (Ред. А. Аманжолов). Алматы: Санат, 607 с.
- Жаркынбекова Ш.К., Бокаев Б.Н. (2011), Процессы языковой и этнической идентификации репатриантов Казахстана. Астана, 2011, 203 с.
- Зәкенұлы Т. (Қайыркен) (2008), Ұмытылған Республика (Шығыс Түркістан қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы. 1940-1949 жж.). *Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы сериясы*. 12-том. Астана, 1-186 бб.
- Есипова А.В. Проблема исчезновения языков и народов в современном мире. URL: <http://vestnik.kuzspa.ru/articles/212/>
- Коновалов А.В. (1998), О факторах формирования этнической группы (на примере казахов южного Алтая). *Методологические аспекты археологических и этнографических исследований в Западной Сибири*. Томск, с.156-158.
- Коновалов А.В. (1978), Этно-культурные контакты кош-агачских казахов и теленгитов // Этногенез и этническая история тюркоязычных народов Сибири и сопредельных территорий. Омск, с.125-128;

- Мендикулова Г.М. (2008). История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг. Алматы: “Сага”, 232 с.
- Мұқаметханұлы Н. (2000), Қытай қазақтарының қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.) – Алматы. 2000. -336.
- Невская И.А. (2005), Компьютерные базы лингвистических данных как основа для сохранения и возрождения коренных тюркских языков Сибири. Образование и устойчивое развитие коренных народов Сибири. Новосибирск, с. 90-99.
- Октябрьская И.В. (1997), Казахи Алтая. История и современность. *Этнографическое обозрение*, № 6, с. 92-102.
- Сарыбаев Ш. (2010), Диалекты казахского языка. *Диалекты тюркских языков*. Москва:Восточная литература, с. 177-204.
- Сванберг И. (2005), Казахи Китая. Казахские беженцы в Турции. Алматы: Санат, 455 с.
- Сулейменова Э.Д. (2010), Tempora mutantur, et nos mutamur in illis: этническая и языковая идентичность. *Динамика языковой ситуации в Казахстане*. Алматы, С. 122-164;
- Сулейменова Э.Д. (2010), Кризис этнической и языковой идентичности. *Динамика языковой ситуации в Казахстане*. Алматы, с. 165-180.
- Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Насилов Д.М. и др. (2015), Тюркские языки и этносы: языковые и этнодемографические процессы. Алматы «Қазақ университеті», 380 с.
- Сыроежкин К. Л. (1994), Казахи в КНР: очерки социально-экономического и культурного развития. - Алматы: Институт развития Казахстана, 118 с.
- Тоқтабай А. (2006),Түркі халықтарының этномәдениеті. Алматы: «Толағай», 328 б.
- Тюнтешева Е.В. (2006), Человек и его мир в зеркале фразеологии (на материале тюркских языков Сибири, казахского и киргизского. Новосибирск, 224 с.